

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛ РӨЛІ

Қасымжанова Ж.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Амрина М. С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
zhibek.kasymzhanova@bk.ru

Гендер мәселесі әр кезеңде өзекті мәселелердің болған. Оның бір дәлелі, Қазақ хандығында Тәуке хан тұсында жазылған, «Жеті жарғы» дала заңдарында да әйелдер құқығы туралы баптардың болғаны. Заңдағы баптарда әйелге құрмет көрсетіп, жазықсыз құқығын бұзбау туралы жазған. Қазақ хандығында аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болған.

Заң бойынша ер бала әкесінен қалған мүлікке, үйдегі қыздардың барлығы тұрмысқа шыққан жағдайда ғана толық иеленуге құқылы болды. Басқа жағдайда мүлік теңдей бөлінген. Неке жағдайлары да заңда қарастырылған. Әйелі күйеуімен ажырасқан жағдайда балалар әкесінің жанында қалған. Егер, күйеуі әйелімен еш себепсіз ажырасса, балалар анасының қамқорлығына берілген. Әйел жесір қалған жағдайда әмеңгерлік жолмен тұрмысқа шығатын болған. Мал-мүлік пен балалар да бауырының жауапкершілігіне берілген. Әйел бас тұрмысқа шығуға тартқан жағдайда, барлығына өзі жауапты болады. Жесір әйелге мүліктің 1/8 тиесілі болды. Жеті жарғының бір тармағы жесір дауына арналған. «Жеті жарғы» бойынша әйелге зорлық-зомбылық көрсеткен жағдайда өлім жазасына кесілген. Әйел зорлау адам өлтірумен бірдей дәрежедегі қылмыс болып есептелген. Біреудің әйелін рұқсатсыз алып қашқан жағдайда өлім жазасына тартылған немесе құнын төлеген [1].

Қазіргі Қазақстанда гендерлік теңдік саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жүргізіледі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағында: "Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды" делінген [2].

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және әйелдер құқықтары жөніндегі басқа да халықаралық ұйымдардың аса маңызды Конвенциялары мен Декларацияларына қосылды. Қазақстандық әйелдердің саяси құқықтарын іске асыру тұрғысынан елдің БҰҰ-ның "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы", "Әйелдердің саяси құқықтары туралы", "Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы" конвенцияларына қосылуы ерекше маңызды болып табылады. Қазақстан сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының әйелдер мен балалар құқықтарына қатысты бірқатар актілеріне қол қойды. Гендерлік проблемаларды шешу мәселелері бойынша Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдармен: Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдер қорымен (United Nations Development Fund for Women, ЮНИФЕМ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымымен (ЕКҰҰ), көші-қон жөніндегі халықаралық ұйыммен (ХКУ), АҚШ Халықаралық даму агенттігімен (United States Agency for International Development, ЮСАИД) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен (БҰҰДБ) ынтымақтастық жасайды [3].

Қазіргі уақытта Қазақстанда барлық деңгейдегі бюджеттерді және әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу процесіне гендерлік тәсілді енгізу үшін жағдайлар жасалуда. Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия ЮНИФЕМ-мен бірлесіп "Қазақстандағы әлеуметтік (гендерлік) бюджеттер" жобасын іске асырады [3]. Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын негіз қалаушы құжат гендерлік саясаттың неғұрлым өзекті проблемаларын тиімді шешуге бағытталған Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясы болып табылады. Атап айтқанда, тұжырымдамада саясаткер

әйелдерді даярлау желісін құру, отбасы және әйелдер мәселелері бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бюджет қаражатын бөлу және т.б. көзделеді.

Әйелдердің жұмысқа орналасу және Жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту үшін Стратегия мемлекеттік және жеке мектепке дейінгі балалар мекемелерін кеңінен дамытуды көздейді. Стратегияның арнайы бөлімі халыққа, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге, Парламент және мәслихаттар депутаттарына, барлық деңгейдегі басшыларға, БАҚ қызметкерлеріне гендерлік білім беруге арналған [3]

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне мыналар жатады:

– билік құрылымдарында әйелдер мен ерлердің теңгерімді қатысуына қол жеткізу;
– экономикалық тәуелсіздік, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілету үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

– отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау;

- жыныс белгісі бойынша зорлық-зомбылықтан арылу.

1995 жылы Отбасы, әйелдер және балалар проблемаларын шешуге жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Отбасы, әйелдер проблемалары және демографиялық саясат жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес 1997 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту мемлекеттік саясатының тұжырымдамасын әзірлеп, мақұлдады.

1998 жылы аталған Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия болып қайта құрылды. Осыған ұқсас құрылымдар мемлекеттік басқарудың өңірлік деңгейлерінде жұмыс істейді. Ұлттық комиссия әйелдер мен ерлердің әлеуметтік теңдігінің қажеттілігін түсіндіру бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Ұлттық комиссияның таяу уақыттағы басымдықтарының бірі-заң жобаларын ілгерілету, атап айтқанда, "әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы".

1999 жылы Ұлттық комиссия алғаш рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірледі. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2002 жылғы 19 қыркүйекте адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы бекітілді, оның аппаратында гендерлік мәселелер жөніндегі маман жұмыс істейді. Елімізде "Қазақстанның әйелдері мен ерлері" атты жыл сайынғы арнайы статистикалық жинақ шығарылады. Отбасының, әйелдер мен балалардың мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде "Отбасы" ("Семья") депутаттық тобы құрылды [4]. Соңғы жылдары Қазақстанда биліктің заңнамалық, өкілетті және атқарушы тармақтарындағы әйелдердің үлесі айтарлықтай өсті.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде әйел депутаттар саны үнемі өсіп келеді. Егер 1994-1999 жылдары мәжілісмендердің жалпы санының 13%-ын әйелдер құраса, 2016 жылы сайланған Мәжілісте әйел депутаттар 27% - ды құрады. Ал қазіргі таңда Мәжіліс мандатына ие болған үш партиядан барлығы 29 әйел сайланған [4]. Облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарда депутат әйелдердің саны депутаттардың жалпы санының 23,6% - ын құрайды. Республика бойынша мемлекеттік қызметшілердің саны шамамен 87 мың адамды құрайды, оның ішінде – 58% - әйелдер. 2013 жылы алғаш рет өткізілген ауылдық және кенттік округ әкімдерінің сайлауының қорытындысы бойынша әйел әкімдердің саны айтарлықтай өсті. Ел бойынша әйелдердің орташа жалақысы қазіргі уақытта ерлердің орташа жалақысының 64% - ын ғана құрайтынын атап өту қажет [4].

Ел экономикасындағы әйелдердің үлесі қызметкерлердің жалпы санының 49% - ын құрайды (3,7 млн. адам). Сондықтан Үкімет 2000 жылдан бастап әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шараларын жүзеге асырып келеді. Ол мыңдаған әйелдер жеңілдетілген несие алып, өз бизнестерін ашты. 2009 жылдан бастап әйелдер кәсіпкерлігіне микрокредит беру

бағдарламасы іске асырылуда. Мәселен, 2014 жылғы қарашадағы жағдай бойынша мұндай жобалар жалпы сомасы 9 млрд. теңгеден астам сомаға қаржыландырылды. Қазірде еліміздегі шағын және орта бизнес саласында еңбек ететін әйелдердің үлесі 43 пайыздан асты [5]. Қазақстан Республикасында әйелдердің мәртебесін арттыру жөніндегі жұмыста үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) маңызды рөл атқарады. Бүгінде елімізде белсенді әрекет ететін 150-ге жуық әйелдер ҰЕҰ бар, олардың ішінде Қазақстанның кәсіпкер әйелдер Одағын, Республикалық әйелдер кеңесін, әйелдердің даму және бейімделу қауымдастығын, Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығын, феминистік лиганы, Алматы әйелдер ақпарат орталығын, Алматы қаласының гендерлік зерттеулер орталығын атап өтуге болады. Сонымен қатар, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты жанындағы Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер ғылыми-зерттеу институты және осы мәселе бойынша бірқатар Әйелдердің ҰЕҰ жұмысқа орналастыру және кәсіптік бағдарлау, шағын бизнесті қолдау, құқықтық және заңгерлік қолдау орталықтарын құрды. Сондай-ақ ҰЕҰ елімізде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі дағдарыс орталықтарының желісін белсенді дамытуда [6]. Ұлт денсаулығы проблемасының маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, ана мен баланы қорғау мемлекеттің, денсаулық сақтау органдарының және жұртшылықтың басты назарында. 2008 жылдан бастап Қазақстанда Ана мен баланы қорғаудың арнайы бағдарламасы іске асырыла бастады. "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын "ана мен баланы қорғау" бағдарламасы – еліміздегі гендерлік саясат басымдықтарының бірі. Ол бірнеше блоктан тұрады: әйелдерді әлеуметтік қолдау, олардың денсаулығына қамқорлық жасау және т.б. мысалы, бала туу және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды төлеу мөлшері айтарлықтай ұлғайтылды. Сонымен бірге, Қазақстанда гендерлік саясатты іске асыруда елеулі проблемалар бар. Бірінші кезекте, әсіресе, ауылдық жерлерде дәстүрлі қазақ қоғамының тарихи дәстүрлері мен ділін ескеру қажет. Революцияға дейінгі кезеңде қазақтардың номадтық қоғамында әйелдердің үлесі бала туу, бала тәрбиелеу, үй шаруашылығын жүргізу және т.б. болғаны белгілі [3].

Кеңестік кезеңде, көпэтносты және көпконфессиялы қоғам жағдайында, әсіресе қалаларда әйелдердің рөлі күрт өзгерді, өйткені еңбек озаты, белсенді қоғамшыл әйелдің бейнесі дамыды. Алайда, 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін және социалистік жүйе құлағаннан кейін, барлық посткеңестік республикалардағыдай, Қазақстандағы әйел мәртебесі кезекті рет өзгерді. Көптеген өнімді емес зауыттар мен фабрикалар, ғылыми және мәдени-ағарту мекемелері, Денсаулық сақтау нысандары жабылды, қолжетімді медициналық көмек жүйесі, көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау қысқартылды, тегін жоғары білім беру жүйесі жойылды. Дәл сол кезде шағын сауда жүйесі (кез-келген затты сататын шағын дүкендер), сондай-ақ әйелдер айналыса алатын шағын бизнестер пайда болды және дамыды [7].

Қазақстанда 2009 жылғы 4 желтоқсанда "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" заң қабылданды, ол отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында адам мен азаматтың құқықтарын қорғау үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу жөніндегі профилактикалық және практикалық шараларды айқындады. Дегенмен, отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының жартысы айналасындағылардың моральдық тұрғыдан соттауынан немесе қылмыскердің қорқытуынан қорқып, құқық қорғау органдарына қорғану үшін жүгінбейді [8].

Сонымен қатар, біздің заң шығарушыларымыз статистиканы жақсарту үшін тұрмыстық зорлық – зомбылықтың ең көп таралған түрін - ұрып-соғу мен денсаулыққа жеңіл зиян келтіруді әкімшілік құқық бұзушылық санатынан жеке айыптау істері санатына ауыстырды. Бұл енді жәбірленушінің өзі сот-медициналық сараптамадан өтіп, қажетті анықтамаларды, сипаттамаларды жинап, куәгерлерді тауып, содан кейін ғана сотқа барып, зорлық-зомбылық фактісін дәлелдеуі керек дегенді білдіреді. Келісіңіз, әрбір әйел біздің

әкімшілік-құқықтық жүйеміздің бюрократиялық дәліздерінен өтуге келісе бермейді. Сондықтан 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін Қазақстанда небәрі 388 адам сотталды, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 13 есе аз[8].

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту шаралары мен құралдары" конференциясына қатысушыларға арнаған сөзінде БҰҰ-ның гендерлік даму индексіне 2019 жылы Қазақстан 51-ші орынға ие болғанын, ал әйелдердің экономикаға қатысу деңгейі бойынша 2019 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік алшақтық индексіне біздің еліміз 153 мемлекет арасында 37-ші орынға ие болғанын еске салды [9].

Бұл нәтижелер Қазақстандағы гендерлік саясаттың жоспарлы дамуын көрсетеді. Гендерлік саясат-экономикадағы маңызды бағыттардың бірі және гендерлік теңдікті нығайту халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға, көптеген кәсіби салалардың күшейтілген және жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Гендерлік теңдік мәселесі қай кезде болсын өзекті болған. Соған дәлел, «Айқап» журналындағы «Нақақ төгілген көз жасы», атты мақалада ХХ ғасырдағы қыздардың өзекті мәселесі, жастай тұрмысқа беру туралы баяндалған. «Міне бұған мысал қылып Қостанай уезі, Сары болысындағы бір отағасының ісін көрсетейін: отағасы шикі надан, өзі бай кісі. Әлпештеп өсірген 16 жасар Мағрифа деген аяулы қызы бар. Бас-аяғы түзу бала болған соң маңайдағы жақсы да, жаман да құда болғысы келді. Ақырында Расұлим медресесінен хәтім қылған жаңа талап бір молдаға қызының көңілі түсуі себепті бермекші болды. Молда да әкесі надан болса да құдайдың бұйырғаны осы шығар деп, халық айтқан соң, 500 теңге мир ақыға көнді. Артынан қыз әкесі «әлден-ақ баланың ырқына жүргеніңіз бе?» деген кейбіреулердің сөзіне еліріп қызын жылатып қырыққа келген қырықпа сақал, қатыны өлген бір мақұлыққа берді. Қыздың әлі келетіні баяғы көз жасы. Жалғыс басы, жылаудан басқа шама жоқ, құдайдан басқа пана жоқ болып, бордай егіліп тұрған жайы бар, аман тұрса, шығар әлі қазақтан не сұмдық, не зорлық шықпас дейсің. Іштені шыққаны жылан тұрсын, періште болса да қазақ қызын жылатпай қоймайды, жылатып сатудан тоймайды», делінген [10, 139 б]. Мақала 1913 жылы Айқап журналының №19 санында жарияланған [11, 34 б]. Жас қыздардың бай-шонжарларға сатылуы қазақ зиялылары арасында үлкен резонанс тудырған. Және қыздарға оқу-білім үйретуге қарсылықтар болған. Көп жағдайда оқу арқылы орыстанып, бұзылып кетеді деген ойлар қалыптастырған. Осылайша, әйел бостандығы, теңдігі мәселелері барлық уақытта өзекті болып табылады.

Қорытындылай келе, Қазақ қоғамында ерте кезден әйел құқығы жоғары қойылған. Қыз балаға деген құрмет сол кездегі салт-дәстүрлерден көрініс табады. Алайда қазіргі таңда, әйел құқығын бұзатын фактілер жиілеп тіркелуде. Гендер сөзі - ағылшын тілінде ер және әйел деген мағынаны білдіреді. Гендерлік саясат алғашында батыс елдерінен өз бастауын алған. Бүгінде, бұл термин өз елімізде де кеңінен таралып келеді. Менің ойымша, гендерлік саясаттың басты мақсаты әйелдерді еркектерден биік қою емес, олардың өзіне тиесілі орнын айқындап беру. Гендер мәселесі біздің еліміздің ғана емес, барлық елдің өзекті мәселесі болып табылады. Елімізде қабылданған барлық заңдар, енгізілген баптар біздегі әйел құқығының белгілі бір дәрежеде қалыптасуына мүмкіндік береді. Және әлем елдеріне осы тұста үлгі бола алатындай деңгейге жетеді деген ойдамын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Ассанова А. Қазақ хандығындағы әйелдер құқығы қандай болған? // https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/kazak_handyigy_550_jyil/aytumar/51808/

2 ҚР Конституциясы. Конституция Республики Казахстан. Қаулы ҚР Конституциялық кеңесі 1999 ж. 29 наурыз №7/2 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

3 Гендерная политика в Казахстане // <https://www.kazportal.kz/gendernaya-politika-v-kazahstane/>

4 Ельмуратова Б. Ж., Аубакиров М. Н. Проблемы обеспечения гендерного равенства в Казахстане // <http://ehistory.kz/ru/contents/view/1404/>

5 Асқарқызы Э. Парламент мәжілісіне өткен нәзік жандылар кімдер // <https://kaz.nur.kz/politics/1893511-parlament-mzilisine-tken-jel-deputattar-kimder/>

6 Касым-Жомарт Токаев высоко отметил вклад женщин в развитие экономики страны // <https://almaty.tv/kz/news/obschestvo/2016-kasym-dgomart-tokaev-vysoko-otmetil-vklad-dgenschin-v-razvitie-ekonomiki-strany>

7 Жунусова А. Р., Коспаков А. М. Современное состояние гендерной политики Республики Казахстан // <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-gendernoy-politiki-respubliki-kazahstan/viewer>

8 Камбарова К. Гендерная политика в Республике Казахстан // <http://akt.sud.kz/rus/massmedia/tema-gendernaya-politika-v-respublike-kazahstan/>

9 Развитие гендерной политики в Казахстане за годы независимости // <https://www.nur.kz/nezavisimost/1904553-razvitie-gendernoy-politiki-v-kazahstane-za-gody-nezavisimosti-ekspertnyu-obzor/>

10 Субханбердина Ү., Дәуітов С. Айқап. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995.-370 б.

11 Субханбердина Ү. Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1995. - 305 б.

МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Жусубалина А.Б.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., доцент Буктугутова Р.С.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

rozalia.1954@mail.ru

Мұстафа Шоқай қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданының аумағындағы Сұлутөбе теміржол стансасынан он бес шақырым жердегі Наршоқы мекенінде 1890 жылдың 7 қаңтарында (ескіше 1889 ж. 25 желтоқсанда) дүниеге келген. Өткен ғасырдың 20 – 30 жылдарында қазақ мемлекетінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын көрсеткішін көрсеткен тұлғалардың бірі. Көрнекті қоғам және мемлекет қайреткері, Түркістан автономиясының жетекшісі. Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болған ұлы тұлға. Қыпшақ тайпасынан шыққан Бошай бөлімінен тұратын Жанайға жатады [1, б.3]. Сыздық, Нұртаза, Әтіркүл, Фатима кейбір деректерде Сара, Ниса атты ағалары мен әпке – қарындастары болған. Мұстафа Шоқайдың әкесі 1916 жылы дүниеден өткен. 1890 жылдары Сырдария қатты тасып, Шоқайдың да, оның басқа да туысқандары Көксу өзенінің сағасындағы Наршоқы деген елді мекенге қоныс аударған [1, б.46]. Сол жерде барлығы бірлесе отырып 1896 жылы жаңа мектеп үйін салды, сол жылдан бастап шәкірттер қабылдай бастайды. Алты жасар Мұстафа ағасы Сыздық, немере ағасы Бәкірмен бірге алғашқылардың бірі болып мектеп табалдырығын аттайды. Зеректігі арқасында Мұстафа мектеп шәкірттерінің ішіндегі бірінші болып, әптектен (құранның жеке алынған қысқа – қысқа сүрелері мен аяттарының жинағы) Құранға шыққан. Медресені екі жыл ішінде бітіріп ағасы Әліш Мұстафаны Қызылордадағы орыс – қазақ мектебіне алып барады. 1902 жылы тамыз айында Мұстафа Ташкент ерлер гимназиясына оқуға түседі. Мұстафаның сыныптастары Хамза Нұршанов, Жолмұхамед Өткелбаев, Сұлтан Айдаров, Мұсахан Мырзаханов болған, басқалары славян халықтарының өкілдері. 1910 жылы гимназияны